

"Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 16 қаңтардағы № 6 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған:

"Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізіліміне орналастыруды қамтамасыз етуді құзыретіне Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 90 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 24 қаңтардағы
№ 6 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар халықаралық шарттарға және Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мына актілерге сәйкес әзірленген:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тауарлардың Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына келу орындарының және тауарлардың Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағынан кету орындарының тізбесі құрылымының сипаттамасын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия

Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесс (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Жалпы процеске қатысушылар осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"тарихи деректер" – тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімі қалыптастырылған кезден бастап онда сақталатын және өзгерістер енгізу көзделмеген ақпарат;

"тауарлардың келу (кету) орындары" – Одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу орны, онда тауарлардың Одақтың кедендік аумағына келуіне немесе тауарлардың осындай аумақтан кетуіне байланысты кедендік операцияларды жүзеге асыру үшін тауарлар кеден органына ұсынылады;

"ұлттық тізбе" – тауарлардың келу (кету) орындарының ұлттық тізбесі, оны қалыптастыру мен жүргізуді Одаққа мүше мемлекеттің кеден органы жүзеге асырады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгілемесі: P.CC.04, нұсқа 1.0.0.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты тауарлардың келу (кету) орындарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жалпы процестің қатысушыларына осы тізілімнен мәліметтер ұсыну болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу қажет:

а) тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше-мемлекет) уәкілетті органдарынан тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтердің ұлттық тізілімдерге енгізілуі, олардан алып тасталуы, өзгертілуі туралы ақпарат алуын қамтамасыз ету;

б) Комиссия алған ақпарат негізінде тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін автоматты түрде қалыптастыруды қамтамасыз ету және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялау;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінде пайдалану мақсатында сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) арқылы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз ету;

г) Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінің сұрау салуы бойынша тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Комиссияның тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыруға, жүргізуге және пайдалануға жауапты құрылымдық бөлімшесі

P.CC.04.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	мүше мемлекеттің ұлттық тізімді жүргізуге және оны тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру үшін Комиссияға ұсынуға, сондай-ақ кедендік операцияларды жасау және кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді пайдалануға уәкілеттік берілген атқарушы билік органы
P.CC.04.ACT.002	мүдделі тұлға	өз қызметінде тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді пайдаланатын сыртқы экономикалық қызметке қатысушы, заңды тұлға немесе жеке тұлға

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өздерінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

а) тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;

б) тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған ұлттық тізбелерден мәліметтер негізінде тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, сондай-ақ тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және мүдделі тұлғаларға ұсыну жүзеге асырылады.

Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру кезінде, тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына енгізілген тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді енгізу және алып тастау, сондай-ақ тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту рәсімдері орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және мүдделі тұлғаларға тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтерді ұсынған кезде, тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген мына жалпы процесс рәсімдері орындалады:

тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу;

тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер алу;
тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу;

Одақтың ақпараттық порталы арқылы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер алу.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың мұқият сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып жасалды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

4. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізбеде қамтылған мәліметтердің өзгертілуі (енгізілуі, алып тасталуы) туралы ақпарат алған кезде тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау басталады.

Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау кезінде, мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізбеге өзгерістер енгізу кезінде, ұлттық тізбеге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

Ұлттық тізбеге тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімі туралы мәліметтер енгізілген кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.04.PRC.001) рәсімі орындалады.


Ұлттық тізбеде тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміндегі тауарлардың келу (кету) орындарын енгізу кезінде мәлімделген тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтер өзгертілген кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.04.PRC.002) рәсімі орындалады.

Тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтерді ұлттық тізбеден алып тастаған кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.04.PRC.003) рәсімі орындалады.

Егер ұлттық тізбеге өзгерістер енгізу процесінде ұлттық тізбеге тауарлардың келу (кету) орындарының енгізілгенін растайтын құжаттың тіркеу нөмірі өзгертілсе, мәліметтерді ұсыну екі рәсімнің: "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.04.PRC.003) және "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.04.PRC.001) рәсімдерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 6 шешімімен бекітілген "Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматтары мен құрылымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 6 шешімімен бекітілген "Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағына келу орындарының және тауарлардың осындай аумақтан кету орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

16. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.04.PRC.001	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу	рәсім тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруға және Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.04.PRC.002		рәсім тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруға

	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту	және Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.04.PRC.003	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау	рәсім тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ақпаратты қалыптастыруға және Комиссияға ұсынуға арналған

5. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімі Одақтың ақпараттық порталында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен немесе мүдделі тұлғадан тиісті сұрату алынған кезде орындалады.

Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін мынадай сұрау салулар өңделеді:

тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат ұсынуға сұрау салу;

тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер ұсынуға сұрау салу;

тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат ұсынуға сұрау салу.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат ұсынуға сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталып тұрған, ұлттық тізбеге енгізілген мәліметтерді тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған және Комиссияда сақталып тұрған мәліметтермен синхрондау қажеттігін бағалау мақсатында орындайды. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.04.PRC.004) рәсімі орындалады.

Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер ұсынуға сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген және Комиссияда сақталып тұрған мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтер не тарихи деректер ескеріле отырып, толық көлемде, не белгілі бір күнгі және уақыттағы жай-күйі бойынша сұратылады. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер ұсынуға сұрау


салу мүше мемлекеттің ақпараттық жүйесіне мәліметтерді бастапқы жүктеу кезінде пайдаланылады. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC.04.PRC.005) рәсімі орындалады.

Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу кезінде сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген немесе өздеріне өзгерістер енгізілген мәліметтер ұсынылады. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.04.PRC.006) рәсімі орындалады.

Одақтың ақпараттық порталы арқылы тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтер ұсынылған кезде осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталға орналастырылған сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейсті пайдалану кезінде пайдаланушы браузердің терезесінде тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді іздеу және (немесе) түсіру параметрлерін береді, браузердің терезесінде ұсынылған, тауарлардың келу (кету) орындарынан берілген ақпаратпен жұмысты жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалану кезінде мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталы арасында өзара іс-қимыл жүзеге асырылады. Одақтың ақпараттық порталы арқылы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер ұсыну кезінде "Одақтың ақпараттық порталы арқылы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC.04.PRC.007) рәсімі орындалады.

19. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтер ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.04.PRC.004	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталып тұрған, тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген мәліметтерді тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтермен синхрондау қажеттігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауына арналған

P.CC.04.PRC.005	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер алу	рәсім тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған
P.CC.04.PRC.006	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу	рәсім ұлттық тізбеге енгізілген, мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталып тұрған мәліметтерді тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтермен синхрондауға арналған
P.CC.04.PRC.007	Одақтың ақпараттық порталы арқылы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтер алу	рәсім Одақтың ақпараттық порталының веб-интерфейсін не осы порталда орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, осы портал арқылы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Олар туралы мәліметтер немесе олардан алынатын мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесіне берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.04.BEN.001	тауарлардың келу (кету) орындарының ұлттық тізбесі	тауарлардың келу (кету) орындарының ұлттық тізбесіне енгізілген мәліметтер
P.CC.04.BEN.002	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімі	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілген мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауаптылығы

22. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту – Комиссияның ішкі өкімдік құжаттарына сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі


Кодтық белгілеме	Атауы	Тип	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	әлем елдерінің атаулары мен оларға тиісті кодтардың тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.015	көлік және тауарларды тасымалдау түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	көлік құралдары және тауарларды тасымалдау түрлерінің және оларға тиісті кодтардың тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.025	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптауышы	сыныптауыш	мүше мемлекеттердің кеден органдарының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.104	ұйымның жұмыс уақыты түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	ұйымның жұмыс уақыты түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.04.PRC.001) рәсімі

24. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.04.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 4-суретте берілген.



4-сурет. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.СC.04.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

25. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізбеге тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтерді енгізген кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.СC.04.PRC.001) рәсімі орындалады.

26. Алдымен "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.СC.04.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілетін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

27. Комиссия тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілетін мәліметтерді алған кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.СC.04.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтер енгізіледі және мүше мемлекеттің уәкілетті органына тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама жіберіледі.

28. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алған кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алу" (P.CC.04.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарламаны қабылдау мен өңдеу жүзеге асырылады.

29. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.04.OPR.002) орындалған жағдайда, "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.04.OPR.004) операциясы орындалады.

30. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтер енгізу және Одақтың ақпараттық порталында тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жариялау "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.04.PRC.001) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

31. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.04.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.04.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.04.OPR.001	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.CC.04.OPR.002	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.CC.04.OPR.003	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.CC.04.OPR.004	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жариялау	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

7-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну" операциясының (P.CC.04.OPR.001) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.04.OPR.001
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімге тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтер енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелер	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер, Комиссияға ұсынылды

8-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.CC.04.OPR.002) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.04.OPR.002
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы

		тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.04.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау мен өндеуді жүзеге асырады, мәліметтерді тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізеді және мүше мемлекеттің уәкілетті органына тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелер	мәліметтер тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізілді, тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

9-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алу" операциясының (P.CC.04.OPR.003) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.04.OPR.003
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы

4	Орындау шарттары	орындаушы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.04.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама өңделді

10-кесте


"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жариялау" операциясының (P.CC.04.OPR.004) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.04.OPR.004
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне мәліметтерді енгізу кезінде орындалады ("Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.04.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Одақтың ақпараттық порталында тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жариялауды жүзеге асырады

7	Нәтижелер	енгізілген мәліметтер қамтылған, тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланды
---	-----------	--

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.04.PRC.002) рәсімі

32. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.04.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.04.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

33. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге өзгерістер енгізген кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.04.PRC.002) рәсімі орындалады.

34. Алдымен "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.04.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

35. Комиссия тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алған кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.04.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміндегі мәліметтерді жаңарту жүзеге асырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлама жіберіледі.

36. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама алған кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлама алу" (P.CC.04.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілгені туралы хабарламаны қабылдау мен өңдеу жүзеге асырылады.

37. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.04.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда, "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен жаңартылған мәліметтерді жариялау" (P.CC.04.OPR.008) операциясы орындалады.

38. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу және Одақтың ақпараттық порталында тауарлардың келу (кету) орындары туралы өзгертілген мәліметтерді жариялау "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.04.PRC.002) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

39. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.04.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.04.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.04.OPR.005	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.CC.04.OPR.006	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген

P.CC.04.OPR.007	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.CC.04.OPR.008	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен тауарлардың келу (кету) орындары туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген

12-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" операциясының (P.CC.04.OPR.005) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.04.OPR.005
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелер	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер Комиссияға ұсынылды

13-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.CC.04.OPR.006) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3

1	Кодтық белгілеме	P.СС.04.OPR.006
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.СС.04.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады, тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміндегі мәліметтер өзгертілді, тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

14-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлама алу" операциясының (P.СС.04.OPR.007) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3

1	Кодтық белгілеме	P.СC.04.OPR.007
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.СC.04.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама өңделді

15-кесте


"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен тауарлардың келу (кету) орындары туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау" операциясының (P.СC.04.OPR.008) сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.СC.04.OPR.008
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен тауарлардың келу (кету) орындары туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу кезінде орындалады ("Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы

		тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.04.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Одақтың ақпараттық порталында тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімін жариялауды жүзеге асырады
7	Нәтижелер	Одақтың ақпараттық порталында тауарлардың келу (кету) орындары туралы жалпы тізілімнен жаңартылған мәліметтер жарияланды

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.04.PRC.003) рәсімі

40. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.04.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.04.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

41. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.04.PRC.003) рәсімі тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтер ұлттық тізілімнен алып тасталған кезде орындалады.

42. Алдымен "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.04.OPR.009) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органында тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер қалыптастырылады және Комиссияға ұсынылады.

43. Комиссия тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді алған кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.04.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен тиісті мәліметтерді алып тастау жүзеге асырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабарлама жіберіледі.

44. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабарлама алған кезде "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабарлама алу" (P.CC.04.OPR.011) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабарламаны қабылдау мен өңдеу жүзеге асырылады.

45. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.04.OPR.010) операциясы орындалған жағдайда, "Тауарлардың келу (кету) орындарының жаңартылған жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.04.OPR.012) операциясы орындалады.

46. Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтерді алып тастау және Одақтың ақпараттық порталында тауарлардың келу (кету) орындарының жаңартылған жалпы тізілімін жариялау "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.04.PRC.003) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

47. "Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.04.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 16-кестеде келтірілген.

16-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.04.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
------------------	-------	-------------

1	2	3
P.CC.04.OPR.009	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.CC.04.OPR.010	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.CC.04.OPR.011	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.CC.04.OPR.012	тауарлардың келу (кету) орындарының жаңартылған жалпы тізілімін жариялау	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген

17-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" операциясының (P.CC.04.OPR.009) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.04.OPR.009
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімнен тауарлардың келу (кету) орындары туралы мәліметтер алып тасталған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады

7	Нәтижелер	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер Комиссияға ұсынылды
---	-----------	---

18-кесте

"Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.CC.04.OPR.010) сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.CC.04.OPR.010
2	Операцияның атауы	тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Тауарлардың келу (кету) орындарының жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.04.OPR.009) операциясы)
